



Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 35 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 ақпанда № 10314 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 1424 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.12.2019 № 1424 (01.04.2019 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 19 қаңтардағы
№ 35 бұйрығымен
бекітілген

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидалары

1. Жалпы қағидалары

1. Осы Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар жеке және заңды тұлғалардың этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін сату (жіберу), өткізу, қайтару, тасымалдау, сондай-ақ импорттау бойынша операцияларды жүргізу кезінде ілеспе жүкқұжаттарын (бұдан әрі – ІЖҚ) ресімдеу және пайдалану тәртібін айқындайды.

Қағидаларда этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін сату (жіберу), өткізу, қайтару, тасымалдау бойынша операцияларын жүзеге асыратын тұлға жеткізуші болып табылады (бұдан әрі – жеткізуші).

Этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін сату (жіберу), өткізу, қайтару, тасымалдау, сондай-ақ импорттау бойынша операцияларды жеткізуші жүргізген кезде этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін алу бойынша операцияларды жүзеге асыратын тұлға алушы болып табылады (бұдан әрі – алушы).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2015 № 682 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін сату (жіберу), өткізу, қайтару, тасымалдау бойынша операцияларды жүргізген кезде жеткізушілер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІЖҚ ресімдейді.

Этил спиртінің және (немесе) алкоголь өнімінің Қазақстан Республикасының аумағына импорты кезінде ІЖҚ-ны алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ресімдейді:

Еуразиялық экономикалық одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттер аумағынан - Еуразиялық экономикалық одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес тауарлар шығарылған күннен кейінгі күннен кешіктірмей;

Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттер аумағынан - Қазақстан Республикасының аумағына әкелу күнінен кешіктірмей.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2015 № 682 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және айналымын реттеуді этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және айналым саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган іске асырады (бұдан әрі – уәкілетті орган).

2. Ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу мен пайдалану

5. ІЖҚ этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін жеткізуші Интернет-ресурс ("Салық төлеушінің кабинеті" web-қосымшасы) (бұдан әрі – бағдарлама) арқылы мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде электрондық түрде ресімделеді.

Бағдарлама уәкілетті органның Интернет-ресурсында (web-порталында) орналастырылады және салық төлеушілердің пайдалануы үшін қол жетімді болып табылады.

6. ІЖҚ-да мынадай деректер көрсетіледі:

1) нөмір (бағдарлама автоматты түрде береді);

2) ресімдеу күні және уақыты (бағдарлама автоматты түрде қояды);

3) операция коды (бағдарламаның анықтамалығынан таңдап алынады);

4) жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН) (жеткізуші енгізеді, ал импорт кезінде енгізілмейді);

5) жеткізушінің атауы (осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген деректерді енгізу кезінде бағдарлама автоматты түрде қояды, ал импорт кезінде - алушы енгізеді);

6) лицензияның нөмірі және жеткізушінің лицензияда көрсетілген мекенжайы (осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген деректерді енгізу кезінде қалыптастырылған тізімнен таңдап алынады). Этил спиртінің және (немесе) алкоголь өнімінің импорт кезінде импортаушы-ел көрсетіледі (бағдарлама көрсеткен тізімнен таңдап алынады);

7) жеткізушінің типі (бағдарлама көрсеткен тізімнен таңдап алынады);

8) алушының ЖСН немесе БСН жеткізуші енгізеді (импорт кезінде алушы енгізеді);

9) алушының атауы (осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген деректерді енгізу кезінде бағдарлама автоматты түрде қояды, экспорт кезінде жеткізуші енгізеді);

10) лицензия нөмірі және лицензияда көрсетілген алушының мекенжайы (этил спиртін медициналық мақсаттарға және техникалық мұқтаждықтарға алған алушыны қоспағанда, осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген деректерді енгізу кезінде қалыптастырылған тізімнен таңдап алынады, экспорт кезінде жеткізуші енгізеді);

11) көліктің түрі (бағдарлама көрсеткен тізімнен таңдап алынады);

12) көлік құралы туралы мәліметті (автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде) көлік құралының маркасы, мемлекеттік нөмірі) жеткізуші енгізеді. Басқа көліктің түрлері үшін бұл ашық жолды толтыру міндетті болып табылмайды;

13) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) этил спиртінің көлемі (литрмен көрсетіледі), бұл ретте іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) спирттің көлемі тиісті ұяшықта көрсетіледі:

алкоголь өнімінің өндірісі үшін;
медициналық мұқтаждықтарға;
техникалық мұқтаждықтарға;

14) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) этил спиртiнiң жалпы құны (теңгемен көрсетiледi), импорт кезiнде баға шот-фактура (инвойс) бойынша көрсетiледi, олар болмаған кезде сыртқы экономикалық мәміленiң жасалғанын растайтын құжатқа. Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгiленген қосылған құн салығын (бұдан әрi - ҚҚС) және (немесе) акциздердi төлеушiлерi үшiн құн, ҚҚС және (немесе) акциздердi есепке ала отырып көрсетiледi. Аталған тармақша этил спиртiн бiр заңды тұлғаның (дара кәсiпкердiң) және оның құрылымдық бөлiмшелерiнiң iшiнде өткiзу кезiнде толтырылмайды;

15) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) шарап материалының көлемі (литрмен көрсетiледi), бұл ретте тиеп жөнелтiлетiн шарап материалының көлемi тиiстi ұяшықта көрсетiледi:

алкоголь өнімінің өндірісіне;
коньяк спиртiнiң өндірісіне;

16) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) шарап материалының жалпы құны (теңгемен көрсетiледi), импорт кезiнде баға шот-фактура (инвойс) бойынша көрсетiледi, олар болмаған кезде сыртқы экономикалық мәміленiң жасалғанын растайтын құжатқа. Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгiленген қосылған құн салығын (бұдан әрi - ҚҚС) және (немесе) акциздердi төлеушiлерi үшiн құн, ҚҚС және (немесе) акциздердi есепке ала отырып көрсетiледi. Аталған тармақша шарап материалын бiр заңды тұлғаның (жеке кәсiпкердiң) және оның құрылымдық бөлiмшелерiнiң iшiнде өткiзу кезiнде толтырылмайды;

17) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) алкоголь өнімінің (сыраны және сыра сусынын қоспағанда) жалпы көлемі, осы тармақтың 27) тармақшасында көрсетiлген алкоголь өнімінің көлемiн қосу жолымен бағдарлама автоматты түрде литрмен қойылады;

18) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) алкоголь өнімдерінің (сыраны және сыра сусынын қоспағанда) жалпы құны (теңгемен көрсетiледi, осы тармақтың 26) тармақшасында көрсетiлген деректердi қосу жолымен бағдарлама автоматты түрде қояды);

19) жолдың реттiк нөмірi;

20) алкоголь өнімінің жеке сәйкестендіру нөмірі - коды (бұдан әрi - ЖСК) (бағдарламаның ЖСК-кодтарының анықтамалығынан таңдап алынады);

21) өнімнің түрi (ЖСК-кодын енгiзу кезiнде бағдарлама автоматты түрде қояды);

22) өнімнің атауы (ЖСК-кодын енгізу кезінде бағдарлама автоматты түрде қояды;

23) ыдыстың сыйымдылығы (ЖСК-кодын енгізу кезінде бағдарлама автоматты түрде қояды);

24) бөтелкенің санын жеткізуші енгізеді (импорт кезінде алушы енгізеді);

25) бір бөтелкенің бағасын (теңгемен көрсетіледі) жеткізуші енгізеді (импорт кезінде баға шот-фактура (инвойс) бойынша көрсетіледі, олар болмаған кезде сыртқы экономикалық мәміленің жасалғанын растайтын құжатқа, алушы енгізеді). Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) және (немесе) акциздерді төлеушілері үшін баға, ҚҚС және (немесе) акциздерді есепке ала отырып көрсетіледі. Аталған тармақша алкоголь өнімін (сыраны және сыра сусынын қоспағанда) бір заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) және оның құрылымдық бөлімшелерінің ішінде өткізу кезінде толтырылмайды;

26) құны (теңгемен көрсетіледі, осы тармақтың 24) және 25) тармақшаларында көрсетілген деректерді көбейту жолымен бағдарлама автоматты түрде қояды);

27) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) алкоголь өнімінің көлемі (осы тармақтың 23) және 24) тармақшаларында көрсетілген деректерді көбейту жолымен бағдарлама автоматты түрде литрмен қояды);

28) жеткізуші жазып берген ІЖҚ нөмірі (ал импорт кезінде алушы жазып берген) (алкоголь өнімін немесе оның бөлшектерін қайтару кезінде қажеттілік болған жағдайда толтырылады;

29) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) сыраның және сыра сусынының жалпы көлемі (осы тармақтың 37) тармақшасында көрсетілген сыра және сыра сусынының көлемін қосу жолымен бағдарлама автоматты түрде литрмен көрсетеді);

30) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) сыраның және сыра сусынының жалпы құны (теңгемен көрсетіледі, осы тармақтың 36) тармақшасында көрсетілген деректерді қосу жолымен бағдарлама автоматты түрде қояды);

31) жолдың реттік нөмірі;

32) сыраның және сыра сусынының атауын жеткізуші енгізеді (импорт кезінде алушы енгізеді);

33) сыраға және сыра сусынына арналған ыдыстың сыйымдылығын (литрмен көрсетеді) жеткізуші енгізеді (импорт кезінде алушы енгізеді);

34) сыраға және сыра сусынына арналған ыдыстың, бөтелкенің, банканың, кег-бөшкенің санын жеткізуші енгізеді (импорт кезінде алушы енгізеді);

35) сыраға және сыра сусынына арналған бір ыдыстың, бөтелкенің, банканың, кег-бөшкенің бағасын (теңгемен көрсетіледі) жеткізуші енгізеді (импорт кезінде

баға шот-фактура (инвойс) бойынша көрсетіледі, олар болмаған кезде сыртқы экономикалық мәміленің жасалғанын растайтын құжатқа, алушы енгізеді). Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) және (немесе) акциздерді төлеушілері үшін баға, ҚҚС және (немесе) акциздерді есепке ала отырып көрсетіледі. Аталған тармақша алкоголь өнімін (сыраны және сыра сусынын қоспағанда) бір заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) және оның құрылымдық бөлімшелерінің ішінде өткізу кезінде толтырылмайды;

36) құны (теңгемен көрсетіледі, осы тармақтың 34) және 35) тармақшаларында көрсетілген деректерді көбейту жолымен бағдарлама автоматты түрде қояды;

37) іске асырылатын (тиеп-жөнелтілетін) сыранның және сыра сусынының көлемі (осы тармақтың 33) және 34) тармақшаларында көрсетілген деректерді көбейту жолымен бағдарлама автоматты түрде литрде қояды);

38) жеткізуші жазып берген ІЖҚ нөмірі (импорт кезінде алушы жазып берген) (сыраны және сыра сусынын немесе оның бөлшектерін қайтару кезінде қажеттілік болған жағдайда толтырылады);

39) дара кәсіпкердің немесе заңды тұлға басшысының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) жеткізуші толтырады (импорт кезінде алушы толтырады);

40) алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 07.10.2019 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. ІЖҚ, уәкілетті органының бағдарламасына жөнелтілгеннен кейін, қағаз тасымалдағышында екі данада басып шығарылады, жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлға басшысының қолы қойылады.

Этил спиртінің және (немесе) алкоголь өнімінің импорты кезінде ІЖҚ қағаз тасымалдағышында бір данада басып шығарылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 07.10.2019 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Межелі орнына дейін тасымалдау кезінде этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін алып жүру үшін ІЖҚ қағаз тасымалдағышында екі данада тасымалдаушыға (алушының өкіліне) беріледі. ІЖҚ бірінші данасы алышуға тапсырылады, екінші данасына алушы этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін іс жүзінде алған күнін көрсете отырып қол қояды және ІЖҚ тасымалдаушыға (алушының өкілі) қайтарады.

Этил спиртінің және (немесе) алкоголь өнімінің импорты кезінде алушы этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін іс жүзінде алған күнін көрсете отырып қол қояды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2015 № 682 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. ІЖҚ екінші данасы этил спиртінің және алкоголь өнімінің жеткізушісінде сақталады (импорт кезінде ІЖҚ алушыда сақталады).

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2015 № 682 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. ІЖҚ Бағдарламада ІЖҚ алуды дәлелдеу жолымен электрондық түрде алушылар тапсырады.

Этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін алушылар (медициналық және техникалық мақсаттарға этил спирті алушылардан және этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін экспорттаған кезден басқа) тауарды алғаннан кейін жеткізуші ІЖҚ ресімдеу мерзімінен бастап жиырма бес күнтізбелік күн ішінде ІЖҚ алуды электрондық түрде растайды немесе растамайды.

11. ІЖҚ-н алуды растаудың немесе растамаудың мерзімінің бұзылуы кезінде осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бағдарламада автоматты түрде хабарламама құрастырылады.

Бағдарламадағы хабарламамен танысқаннан кейін алушылар ІЖҚ-н алуды растайды немесе растамайды.

12. Осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген толық емес (және) дәйексіз мәліметтермен ІЖҚ ресімдеу, осындау ІЖҚ ресімдеу күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде жеткізуші (импорт кезінде - алушы) жойылуы тиіс.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2015 № 682 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. ІЖҚ жою жағдайында қажет болғанда жаңадан ІЖҚ шығарылады.

14. ІЖҚ есебі ІЖҚ бағдарламасын тіркеу журналында осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

15. Қағаз жүзіндегі ІЖҚ жеткізушіде және алушыда бес жыл ішінде сақталынады.

Этил спиртіне және (немесе)
алкоголь өніміне ілеспе
жүкқұжаттарды ресімдеу мен
пайдалану қағидаларына
1-қосымша

нысан

Ілеспе жүкқұжаты

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 07.10.2019 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(1) І л е с п е		ж ү к қ ұ ж а т ы		№					
(2) Рәсімделген күні және уақыты: "___" _____ 20__ г. (3) Операция коды _____ сағ. ___ мин.									
(4) Жеткізушінің Жеке сәйкестендіру нөмірі (Бизнес сәйкестендіру нөмірі)			(8) Алушының Жеке сәйкестендіру нөмірі (Бизнес сәйкестендіру нөмірі) _____						
(5) Жеткізушінің атауы _____			(9) Алушының атауы _____						
(6) Лицензия нөмірі және лицензияда көрсетілген жеткізушінің мекен жайы (импорттау кезінде импорттаушы – ел көрсетіледі)			(10) Лицензия нөмірі және лицензияда көрсетілген алушының мекен жайы _____						
(7) Жеткізуші түрі _____									
(11) Көлік түрі:									
<input type="checkbox"/>									
Авто									
<input type="checkbox"/>									
ГЖ									
<input type="checkbox"/>									
Әуе									
<input type="checkbox"/>									
Теңіз немесе ішкі сумен									
<input type="checkbox"/>									
Б а с қ а									
(12) Көлік құралы туралы мәліметтер									
(13) Сатылатын (тиеп-жөнелтілетін) этил спиртінің көлемі: _____ (литр), оның ішінде:									
Алкоголь өнімдерін өндіруге: _____ (литр)									
Медициналық мақсатта: _____ (литр)									
Техникалық мақсатта: _____ (литр)									
(14) Сатылатын (тиеп-жөнелтілетін) этил спиртінің жалпы құны: _____ (теңге)									
(15) Сатылатын (тиеп-жөнелтілетін) шарап материалының көлемі: _____ (литр), оның ішінде:									
Алкоголь өнімдерді өндіру үшін: _____ (литр)									
Коньяк спиртін өндіру үшін: _____ (литр)									
(16) Сатылатын (тиеп-жөнелтілетін) шарап материалының жалпы құны: _____ (теңге)									
17) Сатылатын (тиеп-жөнелтілетін) алкоголь өнімнің (сыраны және сыра сусыны қоспағанда) жалпы көлемі _____ (литр)									
(18) Сатылатын (тиеп-жөнелтілетін) алкоголь өнімнің (сыраны және сыра сусыны қоспағанда) жалпы құны _____ (теңге)									
№	ДСН-код	Өнімнің түрі	Өнімнің атауы	Ыдыстың сыйымдылығы (литр)	Шөлмектердің саны	Бағасы	Құны	Литр	Жеткізуші жазып беретін ІЖҚ нөмірі (қажет болған кезде, алкоголь өнімдер

									немесе оның бөлігі қайтарылған жағдайда)
(19)	(20)	(21)	(22)	(23)	(24)	(25)	(26)	(27)	(28)

Барлығы: _____ жол

(29) Сатылатын (тиеп-жөнелтілетін) сыраның және сыра сусының жалпы көлемі _____ (литр)

(30) Сатылатын (тиеп-жөнелтілетін) сыраның және сыра сусының жалпы құны _____ (теңге)

№	Сыраның және сыра сусының атауы	Ыдыстың сыйымдылығы (литр)	Ыдыстардың, шөлмектердің, құтылардың, кега-бөшкелердің саны	Бағасы	Құны	Литр	Жеткізуші жазып берген ІЖҚ нөмірі (сыра және сыра сусыны қайтарылған жағдайда)
(31)	(32)	(33)	(34)	(35)	(36)	(37)	(38)

Барлығы: _____ жол

(39) жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлға басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса): _____

(қолы)

(40) Алушының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса): _____

қ о л ы)

Алу күні (к.а.ж.) _____

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды рәсімдеу мен пайдалану қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжат алғанын растамау туралы хабарлама

20__ ж. "___" _____

(мемлекеттік кіріс органының атауы)

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы "___" _____ № ___ бұйрығымен бекітілген, Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды рәсімдеу мен пайдалану қағидаларының 11-тармағына сәйкес, Сізді

(салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы)

ЖСН (БСН) _____

(нөмірі және табыс етудің кезеңі)

этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттардың алынғанының расталмағаны туралы хабардар етеді.

Осыған байланысты Сіз тіркеу жеріңіздегі салық органына 5 жұмыс күні ішінде түсініктеме беру үшін келуіңіз қажет.

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды рәсімдеу мен пайдалану қағидаларына 3-қосымша

Нысан

ІЖҚ тіркеу журналы

<p>ІЖҚ-ның күні __ ж. ____ бастап __ ж. ____ дейін</p> <hr/> <p>Жеткізушінің ЖСН-і (БСН)</p> <hr/> <p>ІЖҚ-ның нөмірі:</p>	<p>ІЖҚ-ты растау/растамау __ ж. ____ бастап __ ж. ____ дейін</p> <hr/> <p>Алушының ЖСН-і (БСН) ІЖҚ мәртебесі:</p> <p><input type="checkbox"/> Алғашқы түрі</p> <p><input type="checkbox"/> Ж о й ы л д ы</p> <p><input type="checkbox"/> Жіберілді</p> <p><input type="checkbox"/> Р а с т а л д ы</p> <p><input type="checkbox"/> Алынды</p> <p><input type="checkbox"/> Расталмады</p>								
<p>Көрсетілетін жолдардың саны: ____ барлығы ____</p>									

№	ІЖҚ-ның күні	ІЖҚ-ның нөмірі	Жеткізушінің ЖСН-і (БСН)	Алушының ЖСН-і (БСН)	Алушының мекенжайы	ІЖҚ-ы растау/қайтару күні	Өткен күндердің саны	Мәртебесі	Іс-қимылдар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10